

**2023-2024 оқу жылындағы педатог-
психологтың жылдық жұмыс есебі**

2023-2024 оқу жылы

Жарықпен негізгі оқу білім берілетін мектебі

**Жарөткел негізгі орта білім беретін мектебінің педагог - психологы
М.Х.Ақниетованың 2023 – 2024 оқу жылы бойынша
жарты жылдық жұмыс есебі**

Қыркүйек айында 5 сыныптардың бейімделуі бойынша «Мектептік мотивация» әдістемесі (Н.Г.Лусканов) жүргізілді. Бұл әдістеменің мақсаты оқушылардың бейімделуі туралы ақпарат алу, оқу жағдайына қанағаттануы, оқу мотивациясының деңгейін анықтау. Білім алушылардың жауаптары сәйкесінше қорытындыланды.



Осы айда сонымен қатар 5 – 9 сынып білім алушыларына тұлғаның темперамент типін анықтауға арналған «А.Белов» әдістемесі жүргізілді. Мақсаты әр оқушының темперамент ерекшеліктерін анықтау.



Қыркүйек айының соңғы аптасында 1 сынып оқушыларының бейімделуі бойынша «Керн-Иерасек» әдістемесі жүргізілді. Бұл әдістеменің мақсаты білім алушылардың

мектепке даярлық деңгейін анықтау. Керн-Иерасек әдістемесі бойынша берілген тапсырмалар толық орындалып, оқушыларға сәйкесінше балл қойылды.



Сонымен қатар қыркүйек айының соңғы аптасында 8 – 9 білім алушыларына «ДАСС» әдістемесі жүргізілді.



Қазан айының алғашқы аптасында 5 – 7 сынып білім алушыларынан Р.Гудман сауалнамасы алынды. Мақсаты білім алушылардың мықты жақтары мен қиын жақтарын анықтау.



Сонымен қатар қазан айында «Зунге» әдістемесі, «Социометрия» әдістемелері бойынша сауалнамалар алынды.

Сондай – ақ азан айында 6,9 сынып білім алушыларымен “Буллинг және оған қарсы тұру” тақырыбында психологиялық тренинг және түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



Қараша айы бойынша 7 – 9 сынып білім алушыларынан зорлық – зомбылықтың алдын алу бойынша анонимді түрде сауалнама алынды.



Сонымен қатар қараша айында 2 сынып білім алушыларымен баланың ерік саласындағы даму деңгейін анықтау мақсатында «Графикалық диктант» әдістемесі жүргізілді.



Желтоқсан айы бойынша 6,9 сынып білім алушыларымен «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» тақырыбында зияткерлік сайыс өтті. Мақсаты алған білімдерін кеңейтіп, қызығушылығын арттыру, сөздік қорын дамыту, тіл мәдениетіне төселдіру, суреттеп, сипаттап әңгімелеуді меңгерту.



Сонымен қатар желтоқсан айында бастауыш сынып оқушыларының орта буынға дайындығын диагностикалау, эмоционалдық жай күйін анықтау мақсатында «Ағаш»

әдістемесі және білім алушылардың ақыл-ой деңгейін анықтау, тұжырымдамалық, логикалық ойлауын қалыптастыру мақсатында «Э.Ф.Замбацевич» әдістемесі жүргізілді.



Желтоқсан айының соңғы аптасында 9 сынып білім алушыларының қызығушылық бағыттарын анықтау мақсатында «Е.Климов» әдістемесі жүргізілді.



Қаңтар айында «Басса Дарки» сауалнамасы, З. Королева (проективті) әдістемесі 9-сынып оқушыларының аутодеструктивті бейімділік қабілеттерін анықтау үшін алынды. «Кактус» әдістемесі 5-сынып жағымды және жағымсыз мінез-құлық бітістерін танытуға бағыттау мақсатында жүргізілді. 9-сыныпқа З.Королева (проективті әдістемесі) аутодеструктивті әрекетке бейімділікті анықтау үшін, Отбасы тәрбиесіндегі әкенің балаға тәрбиелік ықпалын арттыру мақсатында «Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» әкелермен кездесу ұйымдастырылды.



Ақпан айында 6-9 сынып оқушыларынан қарым-қатынасты анықтауға арналған «Социометрия» әдістемесі, агрессия түрін анықтауға арналған «Басса Дарки» сауалнамасы алынды.



8-9 сынып оқушыларына құқық бұзушылықтың алдын алу және күресу мақсатында «Құқық бұзушылықтың және заңды жауапкершілік» тақырыбындағы түзету-дамыту жұмысы жүргізілді.



«Ұжымдағы үйлесім және педагог мәртебесі» педагогтармен дөңгелек үстел өткізілді.



Емтихан кезіндегі оқушыларды өзінің мінез-құлқын және эмоцияларын басқара алуына үйрету үшін 9-сынып оқушыларына «Емтихан» іскерлік ойыны өтті.




Наурыз айында 4-сынып оқушыларына «Социометрия» (Дж Марено) Баспалдақ әдістемесі (В.Г.Щур) бастауыш сынып оқушыларын орта буынға оқуға дайындау мақсатында диагностика алынды.


Педагогтардың бір-біріне деген құрметін, сүйіспеншілігін арттыру мақсатында «Құпия дос» психологиялық акциясы өткізілді.




Наурыз айында 5-6 сынып оқушыларына аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын бағдарламасы негізінде білім алушылармен түзету-дамыту мақсатында психологиялық ағарту жұмысы жүргізілді.



7-9 сынып оқушыларымен «Мамандықты қалай тандаймыз» кәсіби бейінді оқытуға, оқушыларға мамандық тандау бойынша психологиялық кеңес берілді.





1-9 сынып оқушыларымен «Ізгіліктің бір ізі — алғыс айту» серігі сәті өткізілді. «Бәрі де, Ана бір өзінен басталады» анаға деген сүйіспеншілік, мейірімділік, адамгершілік қасиеттерді ұялата білуді отбасы мен мектептің манғыздылығын насихаттау мақсатында ата-аналармен дөңгелек үстел өткізілді.



Сәуір айында 3-сынып оқушыларынан «Графикалық диктант» (Д.Б.Эльконин) бағанын ерік саласындағы даму деңгейін анықтау мақсатында диагностика алынды.

Жоспардан тыс «Эстетикалық пәндер бірлестігі» атталығы аясында 1-4 сынып оқушыларына «Позитивті көңіл-күй» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді.

Ерте жүктілік салдары 5-9 сынып қыз балаларына ерте жүктіліктің ауып алу - мақсатында түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. 7-9 сыныптар оқушылары және де қыз балаларына жеке түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

5-сынып ата-аналарына сыныптың бейімделу кезінде кездесетін қиындықтарға байланысты кеңес беру отырысы өтті. Баяндама-кеңес мақсаты ата-аналарды балаларға жауапкершіліктен қарауға шақыру, оқушылардың дезадаптация себептерін анықтау. Баланың бүгінгі істерге қадамы ертеңгі туға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететіндігін атап өту. Ата-аналармен отырыста тәрбие беру проблемалары жайында әңгімелесіп, тәрбие үрдісі жайында айтылды. Және де 5-сынып оқушыларының орта буынға көшкеннен кейінгі бейімделуі мен пән мұғалімдеріне үйренісуі туралы, қиындық туғызатын пәндерден кандай деңгейде екендіктері анықталды. Осы тұрғыда ата-ана және педагог тарапынан берілетін қолдаудың маңызды екендігі аталып өтті.





Педагогтармен «Үштік одақ: міндет, ынтымақ, нәтиже» келеңсіз жағдайдың алдын алу мақсатында психологиялық тренинг өткізілді.





Психологиялық ағарту бойынша «Интернет: дос немесе жау» 5-9 сынып оқушыларына желідегі қауіпсіздік дөңгелек үстел өткізілді. Отырыста оқушыларға ғаламтордағы қауіпсіздік, алаяқтық жөнінде терең мағлұмат берілді. Интернеттің зияны мен пайдасы туралы сөз қозғалды.



Консультациялық бағыт беру бойынша ата-аналармен жұмыс барысында мемлекеттік қортынды аттесттатауға психологиялық жетелеу мақсатында жаднама таратылып кеңес берілді. Ата-аналар сынып жетекшілер және пән мұғалімдерімен 5-сынып оқушыларында кездесетін қиындықтар туралы кеңес беру жүргізілді. Сынып жетекшілерімен бірге отырып, әрбір класс ұжымына педагогикалық-психологиялық мінездеме беру. 5-9 сыныптардан «Келеңсіз жағдайдың алдын алу» мақсатында сауалнама алынды.

Мамыр айында 1-сынып оқушыларының бейімделуі, мектепке психологиялық дайындығын яғни білімге ынталарын, қоршаған ортаға бейімделулерін анықтау мақсатында зеттеу жүргізілді.

1 сыныбы бойынша жүргізілген жұмыстың қорытындысы:

Сыныпта барлығы – 5 оқушы, оның қызы – 2, ұл – 3. Сынып жетекшісі – Алпысова Г.Д. Сыныптағы жағдай бірқалыпты. Яғни зерттеу барысында сыныптағы оқушылардың өзара қарым-қатынасы жақсы.


Керн-Йерасек тест жинағы 3 тапсырмадан тұрады.

№	Аты-жөні	Жалпы балл	Қорытынды
1	Нұрлан Нұрислам	7	Орташа
2	Нұрлан Нұрберген	6	Орташа
3	Самат Айназ	4	Жоғары
4	Сердіғалиева Айымсұлу	8	Орташа
5	Үмбет Әділет	6	Орташа


«Кәсіптік бағыт - бағдар беру», «Емтиханға дайындық» 9-сынып оқушыларымен түзету дамыту жұмысы жүргізілді. «Емтиханға психологиялық дайындық 9 сынып» тақырыбында 9 сынып оқушыларымен тренинг өткізілді. Оқушыларға «Сәлемдеме хаты», «Броуновтық қимылдар», «Емтиханның бейнесі» ойын жаттығулары өткізіліп, «Емтихан кезінде қалай әрекет ету керек? қысқаша - дәріс оқылды. Оқушылардың емтиханға дайындық кезіндегі сенімділігін, оқу- танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында тренинг жүргізілді. Оқушылар белседі қатысты.



15-мамыр Отбасы күніне орай «Отбасы – өмір аясы» тақырыбында оқушылардың ата-аналарымен кездесу өтті. Жиналыс барысы «Отбасы деген не?» видеороликпен басталып, аналар өз ойларын ортаға салды. «Аяқталмаған сөйлемдер», «Менің бейнесі», «Бақыт галошы» тренингтері өткізілді. Тренингке ата-аналар белсене қатысып, әдемі көңіл күймен аяқтады.



Ата-аналармен өткен жиналыста педагог-психологтың тарапынан мемлекеттік қорытынды аттестаттауға психологиялық жетелеу мақсатында жадынама таратылды.



Осы айда ұстаздар арасындағы қарым-қатынасты нығайту, көтеріңкі көңіл-күй сыйлау мақсатында мұғалімдер арасында «Тілекке толы талшыбық» тақырыбында тренинг өтті. ұстаздар 3-тапқа бөлінді: Зейін, Қабілет, Түйсік. «Мұғалім моделін құрастыр», «Түсін мені», «Жасырын хат», «Теңізге саяхат» ойын-жаттығулары қамтылды. Мұғалімдер шараға белсене қатысып, өз ойларымен бөлісті.



Педагог – психолог: Қайроллаева А.А.

Ахметалина Д.Ж.